

6D011300 - «Биология» мамандығы бойынша ШинышEROVA Ғазиза Болатқызының «Биологиядан оқу-дала практикасы жағдайында білім алушылардың кәсіби даярлығын қалыптастырудың әдістемелік негіздері» тақырыбындағы диссертациясына ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

Білім беру үрдісіндегі теория мен практиканың бірлігін адамның әрекетін құрайтын рухани және материалдық байлықтарының бірлігімен салыстыруға болады. Практикамен бекітілмеген немесе дәлелденбеген теория кез-келген сұрақтарға дұрыс жауап бере алмай, өзінің негізгі мән-мағынасын жоғалтатыны мәлім. Ал теориялық негіздемесі жоқ практиканың тиімді әрі мақсатқа бағытталған болуы да мүмкін емес. Қазіргі уақытта әлемнің білім беру кеңістігіне енуіне және нарықтық талаптарға байланысты кәсіби іс-әрекетте өзінің құзыреті жоғары, бәсекеге қабілетті, әлеуметтік-тұлғалық қасиеттері дамыған құзыреттілігі қалыптасқан педагогтер даярлау міндеттері алға қойылған.


Ғ.Б. Шинышерованың диссертациялық зерттеу ізденістері жоғарыда қойылған талаптарды қамтуға бағытталған деуге негіз бар. Ізденуші өз зерттеулерінде практикалық жұмыстарды басқа да қырынан, яғни оқу-дала практикасын ұйымдастыру арқылы болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығын қалыптастыруға бағытталған.

Диссертант зерттеу жұмысы барысында түйінді ұғымдарының мәнін ашып, мазмұны мен құрылымын айқындаған. Болашақ биолог мұғалімдердің оқу-дала практикасы жағдайында кәсіби даярлығын қалыптастыруды теориялық негіздеп және оны ұйымдастырудың тиімді әдістемесін жасаған. Тәжірибелік бөлімінде биология пәндерінен оқу-дала практикасын ұйымдастырудың ерекшеліктерін анықтап, ұсыныстар жасаған. Оқу-дала практикасы арқылы студенттердің кәсіптік-әдістемелік даярлығын дамытуға бағытталған ғылыми-әдістемелік нұсқаулық, студенттердің кәсіптік қызметінің маңыздылығы туралы зерттеулер жүргізіп нақты шаралар әзірлеген. Зерттеу барысында жоғары оқу орындары білім беру бағдарламаларына, практикалық жұмыстарға берілген білім мазмұнына талдау жасаған. Жасалған талдау нәтижелері бойынша оқу үдерісінде практикалық немесе лабораториялық жұмыстарды, сонымен қатар оқу-дала практикасын жүргізуде болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығы мен олардың оқу-дала практикасын ұйымдастырудағы оқу іс-әрекеттері нақтыланған. Студенттердің кәсіптік-әдістемелік даярлығын айқындау үшін критерийлер мен көрсеткіштерге сәйкес келетін эксперименттік және тестілік жұмыс материалдары дайындалған. Оқытудың тиімділігін арттыру мақсатында эксперименттік жұмыстардың нәтижелеріне статистикалық талдау жүргізілген. Нәтижесінде, ЖОО арналған "Омыртқасыздар зоологиясының далалық практикасы» атты арнайы курсының бағдарламасы, оқу-дала практиканы ұйымдастыруға арналған мобильді қосымша «Оқу-дала практикасына арналған анықтамалық құрал» жасалып, оқу үдерісіне ендірілді.

Диссертацияның негізгі идеялары мен нәтижелері халықаралық деңгейде өткен ғылыми конференция материалдар жинағында, ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда және Scopus компаниясының ақпараттық базасына кіретін нөлдік емес импакт-факторы бар халықаралық ғылыми журналда жарық көрген. Барлық жарияланымдар зерттеу барысында дайындалған.

Ғ.Б.Шинышевтің «Биологиядан оқу-дала практикасы жағдайында білім алушылардың кәсіби даярлығын қалыптастырудың әдістемелік негіздері» тақырыбындағы диссертациясы қойылған талаптарға сай, теориялық және практикалық маңыздылығы бар, толық аяқталған жұмыс деп есептеймін. Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы 8D015 – Жаратылыстану пәндері бойынша педагогтарды даярлау (6D011300/8D01513 - Биология) және 8D051 - Биология және сабақтас ғылымдар (6D060700 / 8D05101 – Биология) бағыты бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге арналған Диссертациялық кеңесі қорғауға лайықты деп санаймын.

**Ғылыми кеңесші,
Абай атындағы ҚазҰПУ,
доцент, б.ғ.к.**



Б..К. Есимов